**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

326, 327, 328, 329, 330, 331, 332, 333 (құпия), 334, 335, 336, 337, 338, 338-1, 339, 339-1, 340, 341, 342, 343, 344, 345, 346, 347, 348, 349-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
326-ҚОСЫМША

*Ескерту. 326-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.28. N* 470А *, 2006.11.06. N* 470е *қаулыларымен.*

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 2390215 мың теңге (екі миллиард үш жүз тоқсан миллион екі жүз он бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 12-14-баптары ; "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңының 5-1 , 5-2-баптары ; "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы"

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңы ; "Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы ; "Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18, 23, 28-баптары ; "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңы ; "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 24, 25-баптары ; " Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысы ; " Қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге экспорттық бақылау жасаудың автоматтандырылған жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы N 120 қаулысы ; "Қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге экспорттық бақылау жасаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 тамыздағы N 1025 қаулысы ; "Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; " Әкелінетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы тауарларды (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қазандағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Өлшем құралдарын тексеру, шығару және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 маусымдағы N 867 қаулысы ; "Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы экспорттық бақылауға жататын өнімдер тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1282 қаулысы ; " Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; " Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы өнімінің сәйкестігін бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысы ; "Сапа саласындағы конкурстар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы N 384 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы сауда өкілдігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қарашадағы N 1222 қаулысы ; "Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысы ; "Саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құру және оның жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 шілдедегі N 718 қаулысы ; "Автокөлік және арнайы техника үшін жанар-жағармайдың және пайдалану материалдарының шығыстарын нормалау жөніндегі ережені бекіту туралы" Көлік және коммуникация министрлігінің 2001 жылғы 20 шілдедегі N 226-1 және Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2001 жылғы 16 шілдедегі N 176 бірлескен бұйрығы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : индустрияны, сауданы және кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ елдің ғылыми-техникалық және инновациялық дамуы саласындағы мемлекеттік саясатын қалыптастыру.

Қазақстан рыногын отандық тауар өндірушілердің жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өнімімен молықтыру.

Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықтарға жылжытуды қамтамасыз ету.

Стандарттау, сертификаттау және, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың жолын кесу. Өнімді тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

Жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық қатысу бөлігіндегі келісім-шарттық міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі өсіру және шағын кәсіпкерліктің ЖІӨ құрылымындағы үлесін ұлғайту үшін жағдайлар жасау.

Өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлікті жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерді, білік пен дағдыны

жаңарту.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мына: индустриялық даму, елдің ғылыми-техникалық және инновациялық дамуы, техникалық реттеу мен өлшем бірліктерін дамыту, сауда қызметін дамыту, Қазақстанның сыртқы сауда-экономикалық қатынастарын дамыту, кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мен бәсекелестікті қорғау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
экспортты жылжыту мәселелері бойынша шекара маңындағы және өнеркәсіптік дамыған өңірлердің отандық тауар өндірушілерінің, оның ішінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, ақпарттандырылуын қамтамасыз ету;
Қазақстандық тауарлардың экспортын, сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу бағдарламасын әзірлеу оның негізгі міндеті қазақстандық экспорттаушылардың шетелдік нарықтарға қол жетімділігі үшін оңтайлы жағдай жасау болып табылады;
инвестицияларды экономиканың шикізаттық емес секторына тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру;
тауар рыноктарының шоғырлану деңгейін, 25 тауар көріністері бойынша тауарлар рыногы құрылымының көрсеткіштерін айқындау, ұсынымдар мен ден қоюдың тиісті шараларын пысықтау;
жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар мен мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға конкурстарға қатысуға отандық тауар өндірушілерді тарту:
- жер қойнауын пайдалану жобаларында тауарларда, жұмыстарда және қызметтерде қазақстандық қатысуды арттыру,
- "Отандық өндірушілер мен шетел инвесторларының бірыңғай тізілімі" ақпараттық жүйесін құру және тұрақты жүргізу,
- мердігерлердің қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға мердігерлермен жасалатын шарттардың, жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларының және сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің көлемі бойынша мердігерлер бюджеттерінің жобаларына бағалық сараптама жүргізу,
- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар мен мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг және жер қойнауын пайдалану жобаларында қазақстандық қатысы бар тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге мониторинг жүргізу;
кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін оның экономикалық және әлеуметтік проблемаларын талдау; Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлік саласына қатысты қолданыстағы салық заңнамасын талдау және жүйелеу; өңірлерде семинарлар, конференциялар өткізу, әдістемелік құралдар және

журнал шығару жолымен шағын кәсіпкерлікті дамытуды насихаттау; отандық өндірушілер қызметін бәсекеге қабілетті өнімді тұрақты шығаруға ынталандыру;
тәуелсіздік пен құзыреттілікті бағалау үшін сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларын аккредиттеу аттестаттарын бере отырып, аттестациялық зерттеулер жүргізу. Отандық және импортталатын тауарлардың қауіпсіздігі мен сапасын, ауруларды диагностикалау және емдеу кезінде өлшем нәтижелерінің сенімділігін, адамдардың еңбек және тұрмыс жағдайлары қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды қамтамасыз ету, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау. Мемлекет мүдделерін және тұтынушыларды сапасыз өнімнен қорғауды қамтамасыз ету. Техникалық реттеу және стандарттар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік қоры ақпараттық жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуі. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруі жөніндегі процесін қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Индуст-рия және сауда саласын-дағы уә-кілетті органның қызметін қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | 1) Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министрлігінің орталық аппаратын және оның комитеттерін 444 бірлік санда штат са-нының бекітілген лими-тін ұстау. Белгіленген нормативтік қалыпқа сәйкес 16 бірлік сан-дағы автокөлікті ұстау және жалдау. Метроло-гия және сертификат- | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Респу-бликасы Индустрия және сауда ми-нистрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тау, бәсекелестікті қорғау, тұрғын үй құрылысы, инвестицияларды қолдау, инновациялық даму, сауда қызметі саласында тексерулер жүргізу. Іске асыру мерзімі: 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>2) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму мәселелері бойынша семинарлар, тренингтер өткізу. Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға конкурс және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсын өткізу. Іске асыру мерзімі. 2006 жылғы ақпан-қараша<br>4) Азаматтық және қызметтік қарудың және оның патрондарының мемлекеттік кадастрын жүргізу және басып шығару. Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>5) Сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ және өлшеу зертханаларын аккредиттеу, оның ішінде: - Іссапар шығыстары; - байланыс қызметтері; - аккредиттеу аттестаттарының бланкілерін дайындау. Іске асыру мерзімі: 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>6) Техникалық реттеу және метрология комитетінде сапа менеджментінің жүйесін әзірлеу, енгізу және сертификаттау. Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар- | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | желтоқсан.<br>7) Лицензиарлардың функцияларын орындау (2500 дана лицензия бланкілерін дайындау). Іске асыру мерзімі: 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>8) Инвестицияларды мемлекеттік қолдау жөніндегі шараларды жетілдіру: жарнамалық-ақпаратты өнім бойынша қызметтерді сатып алу, жаңарта отырып қолдау, веб-сайтты сервистік қамтамасыз ету (www.kazinvest.kz); - самиттер, конференция-лар, семинарларды ұйымдастыру және өткізу; - Қазақстан Республикасы Президен-тінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің қызметін (үй-жайды, көлікті, синхрондық аударма және дыбыс күшейткіш үшін жабдық-ты жалға алу, байланыс қызметін төлеу, фото-қызметтер көрсету, гүлмен безендіру, өкілеттік шығындар) қамтамасыз ету.<br>Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>9) Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу, оның ішінде: - кәсіпкерліктің одан әрі дамуы жөнінде зер-ттеулер; - әдістемелік құралдар әзірлеу және шығару;<br>Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>9-1) "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістіктері үшін" республикалық конкурсын өткізу. Іске асыру мерзімі: 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>10) Бәсекелестікті қорғау саласындағы | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | саясатты жетілдіру: - 25 тауар рыноктарын зерттеу.<br>Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>11) Қазақстан тауарларын экспорттық жылжытуға бойынша іс-шаралар өткізу, көрме - жәрмеңкелік қызмет жүргізу жолымен проблемалық мәселелерді шешу, оның ішінде:<br>- Ганновер қаласында (Германия); "HANNOVER MESSE - 2006" халықаралық көрмеге жыл сайын қатысу;<br>- Берлин қаласында (Германия); "Жасыл апта-2006" азық-түлік өнімдері, ауыл шаруашылық және бау-бақшалық өнеркәсіп көрмесіне қатысу;<br>- Мәскеу қаласында (Ресей) ТМД елдерінің 15 жылдығына арналған Мемлекет аралық көрмесіне қатысу;<br>- Мәскеу қаласында (Ресей) "Алтын күз - 2006" көрмесіне қатысу;<br>- Мәскеу қаласында (Ресей) "MosBuild" халықаралық жәрмеңкесіне қатысу;<br>- Гуанжоу қаласында (Қытай) 98-ші экспорттық тауарлар көрмесіне қатысу, Ганновер қаласында (Германия) "CEBIT - 2006" халықаралық көрмесіне қатысу;<br>- "EXPO - 2010, Шанхай" халықаралық көрмесінің эскиздік жобасын әзірлеу;<br>- "EXPO - 2008, Сарагоса" халықаралық жәрмеңкесінің эскиздік және жұмыс жобасын әзірлеу;<br>- Ізмір қаласында (Түркия) Халықаралық жалпы салалық көрмесіне қатысу. | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>*11-1) алынып тасталды*<br>11-2) Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу бағдарламасын әзірлеу.<br>*11-3) алынып тасталды*<br>12) жер қойнауын пай-далану және сарапшылық рәсімдер жобаларында қазақстандық қатысудың мониторингі, оның ішінде: - өнімді бөлу туралы келісім шеңбе-рінде тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алу жөніндегі барлық келісім-шарттардың бағалық сараптамасын жүзеге асыру;<br>- жасалынатын шарттар, жұмыс бағдарламалары мен бюджеттердің са-раптамалық жобаларын жүзеге асыру;<br>- жер қойнауын пайда-лану жөніндегі опера-циялар мен мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алу процесінің монито-рингін жүргізу;<br>- екінші кезеңді әзірлеу және енгізу;<br>- ВЕБ сайтты және деректер базасын жобалау;<br>- қайтадан тестілеуді жүргізу, тестілеуді аяқтау және өнеркәсіп-тік пайдалануға беру;<br>- жер қойнауын пайда-ланушылардың тауар-ларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға қатысты қазақс-тандық ұстау бөлігін-дегі келісім-шарттық міндеттемелерді орын-дауының мониторингін жүргізу; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - 2007 жылға арналған сатып алынатын тауар- лардың, жұмыстардың және қызмет көрсету- лердің көлемі жөнінде- гі мердігерлердің жыл сайынғы жұмыс бағдар- ламалары мен бюджет- тердің, қазақстандық қатысудың тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алу жөніндегі мердігерлер жасайтын шарттардың жобаларына сараптаманы жүзеге асыру;<br>- жер қойнауын пайда- лануда қазақстандық қатысу бөлігіндегі құқығына келісім-шарт- тық құжаттарды жасасу жобаларының сараптама- сы; - қазақстандық өндірушілер мен мемле- кеттік және (немесе) халықаралық стандарт- тарға сәйкес келетін және конкурстық негіз- де міндетті сатып алынатын қазақстанда шығарылатын тауарлар- дың, жұмыстар мен қыз- меттердің мемлекеттік тіркелімінің екінші кезеңін әзірлеу және енгізу ("Бірыңғай тіркелім" ақпараттық жүйесі). Іске асыру мерзімі: 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан.<br>13) АЭА-ның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу. | | |
| 3 | | 002 | Аумақтық орган- дардың аппа- раттары | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің аумақ- тық органдарын 288 бірлік санда штат санының бекітілген лимитті ұстау. Белгіленген норматив- тік қалыпқа сәйкес 16 бірлік сандағы автокө- лікті ұстау және жалдау. Техникалық | қаңтар- жел- тоқсан | Қазақстан Респу- бликасы Индустрия және сауда ми- нистрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | реттеу және метрология саласындағы мемлекет-тік бақылауды жүзеге асыру мақсатында тексерулер жүргізу. Іске асыру мерзімі 2006 жылғы қаңтар-жел-тоқсан. Оларды сатып алу саласында сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау-ды жүзеге асыру үшін тауар үлгілерін сатып алу және сынау, оның ішінде: 1. мынадай бағыттар бойынша 5040-тан кем емес тауар үлгілерін сатып алуды жүзеге асыру: адам терісімен, тамақпен және сумен жанасатын халықтың тұтыну тауар-лары; құрылыс материалдары және құрастырмалар; дәрі-дәрмек; медициналық бұйымдар және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы құралдар; ауыл шаруа-шылығы мен тамақ өнер-кәсібінің өнімдері; отындық шикізат; ойын-шықтар. 2. Аккредит-телген зертханалар сатып алған өнімдерге сынақ жүргізу - 5040 сатып алу. Іске асыру мерзімі: 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан. Техникалық реттеу және метрология комитетінің құрылымдық бөлімше-леріндегі сапа менеджментінің жүйесін әзірлеу, енгізу және сертификаттау. Іске асыру мерзімі: 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан. Құрылыс істері комитетінің аумақтық органдарын жергілікті атқарушы органдарға беру нәтижесінде пайда болған қаңтар-ақпан айларының жалақысын және жұмыстан шығару жәрдемақысын төлеу бойынша Құрылыс | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | істері комитетінің қызметкерлері алдындағы кредиторлық берешекті өтеу. | | |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мына тақырыптар бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу:<br>1) шағын кәсіпкерліктің қаржы-кредиттік секторын дамыту;<br>2) салық салу;<br>3) дамыған елдердің индустриялық саясаты.<br>Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту.<br>Халықаралық деңгейдегі сарапшы аудиторлардың атағына мамандар дайындау. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 5 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Мына жабдықтарды сатып алу:<br>- тауарлардың массасын айқындау үшін - N 1 жұмыс жиынтығы (16 бірлік);<br>- тауарлардың тығыздығын айқындау үшін - N 2 жұмыс жиынтығы (16 бірлік);<br>- технологиялық автокөлік (19 бірлік);<br>- 14 бір арнайы автокөлік (жылжымалы зертхана).<br>- 3 бірлік жеңіл автокөлік сатып алу.<br>- көшіру-көбейту аппараты (1 бірлік);<br>Бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері үшін жиһаз, оның ішінде:<br>басшыға арналған жиһаздар жиынтығы (16 бірлік) | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 6 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды | Шығыс материалдарын, жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу. Интернет желісіне ену қызметтері.<br>Есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету.<br>Дербес міндеттерді: 1С-бухгалтерия" бағдарламасын сүйемелдеу, " Қаржыландыру жоспары" бағдарлама- | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Индустрия және сау- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ақпарат-тық-тех-никалық қамтама-сыз ету | сын сүйемелдеу ИСМ веб-сайтын және " Заң" ДҚ сүйемелдеу, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу, ДСҰ және Мемлекеттік стандарттар қорымен өзара қызмет бойынша ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу; Техникалық реттеу және стандарт-тар саласында норма-тивтік құқықтық актi-лердің мемлекеттік қоры. Есептеу техникасын сатып алу: Министрліктің орталық аппараты мен комитеттері үшін серверлер, дербес компьютерлер, сканерлер, принтерлер, свитчтер және лицензиялық бағдарламалық өнімдер. | | да минис-трлігі |
| 7 | | 100 | Шет елдегі сауда өкілдік-терінің қызметін қамтама-сыз ету | Қазақстан Республика-сының Ресей Федерация-сындағы саны 8 адамнан тұратын сауда өкілді-гін ұстау. Ресей Федерациясында Қазақстан Республика-сының сыртқы сауда саласындағы мүдделерін білдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттер арасындағы экономика-лық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу. Микроавтобустар, компьютерлер, жиһаздар сатып алу. | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Респу-бликасы Индустрия және сауда ми-нистрлігі |
| 8 | | 101 | Қазақс-танның Дүние-жүзілік сауда ұйымына кіруі | Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі бойынша Индуст-рия және сауда минис-трлігінің шығыстары, оның ішінде: - Астана қаласындағы және Женева қаласындағы көпжақты келіс сөздер-ді, сондай-ақ материалдарды аударатын ағылшын тілінің және мем-лекеттік тілдің кәсіби аудармашылары-ның қызметтерін төлеу; - веб-сайтты сүйемел-деу жөніндегі қызмет көрсетулерді төлемі; - Дүниежүзілік сауда | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Респуб-ликасы Индустрия және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұйымының хатшылығымен және Жұмыс тобына мүше елдермен (шамамен 40 ел халықаралық қызметтерді, Интернетті сатып алу; - осы бағдарламаны іске асыру үшін кеңсе де тауарлар мен қызметтерді сатып алу; - өкілдік шығыстар; - Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі процесі туралы телебағдарламалар мен сюжеттер шығару жөніндегі қызметтерді сатып алу; - Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі семинарларды, дөңгелек үстелдерді, өңірлік конференцияларды өткізу; Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің салдарларын бағалау бойынша жұмыстар жүргізуге қызметтерді сатып алу. Радио-Интернет, факс аппаратын, ноутбук, ұйымдастыру техникаларын, сервер, дерекқорларды, компьютер үстелдерін, принтерлерді, сканерлерді, компьютерлерді сатып алу. | | сауда министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : **Тікелей нәтижесі:** индустриялық-инновациялық даму мәселелері жөнінде 20 семинар мен тренингтер жүргізу;
Мына 2 конкурс-көрмені: Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға және "Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсын;
азаматтық және қызметтік қарудың және оның патрондарының кемінде 35 дана санында 1 мемлекеттік кадастрын басып шығару;
кемінде 45 ұйымды аккредиттеу. Комитетте сапа менеджментінің жүйесін әзірлеу,

енгізу және сертификаттау;
кемінде 2500 дана лицензия бланкілерін дайындау;
кемінде 5040 бірлік тауар үлгілерін сатып алу және оларды сынау;
Комитеттің 16 аумақтық бөлімшелерінде сапа менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу және сертификаттау;
инвестицияларды мемлекеттік қолдау жөніндегі шараларды жетілдіру, оның ішінде 25 семинар, конференция, бизнес-форум, самит (21-і ел ішінде, 4-уі шетелде) өткізу, ИИС-тің 2 мәжілісін өткізу, 6000 дана жарнамалық-ақпараттық өнім шығару;
кәсіпкерлік саладағы зерттеулер жүргізу туралы есептер - 1 есеп;
шағын кәсіпкерлік саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына жүргізілген талдау және жүйелеу бойынша есеп - 2 есеп; шағын бизнес саласындағы проблемаларды өңірлерде талқылау бойынша кемінде 10 семинар өткізу және оларды жою жөніндегі шаралар әзірлеу; әрқайсысы 1000 дана санда 6 әдістемелік құрал шығару және әрқайсысының 3000 дана таралымы бар журналдың 4 нөмірін шығару;
Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістіктері үшін" республикалық конкурсын өткізу;
АЭА-ның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу;
25 тауар көрінісі бойынша тауар рыноктарындағы бәсекелік ортаның жай-күйін талдау жөніндегі есеп.
Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу бағдарламасын әзірлеу;
Қазақстан тауарларын сыртқы рыноктарға жылжыту, 2006 жылға Қазақстан Республикасының сегіз халықаралық көрмеге қатысуы жоспарланған, сондай-ақ " ЭКСПО-2008, Сарагоса" және "ЭКСПО-2010, Шанхай" халықаралық көрмелерінде қазақстандық павильондардың эскиздерін және жұмыс жобаларын әзірлеу. Әрбір жоспарланған іс-шараға көтерме және бөлшек сауданың орта есеппен 50 қазақстандық кәсіпорындарын қатыстыру;
жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық қатысу бөлігінде 148 келісім-шарт міндеттемелерінің орындалу мониторингі; 1 ақпараттық жүйені құру және тұрақты жүргізу; жер қойнауын пайдалану жобаларында қазақстандық қатысуды ұлғайту жөніндегі кемінде 4 облыстық көшпелі семинарлар өткізу;
Мына тақырыптар бойынша сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру: - шағын кәсіпкерліктің қаржы-кредиттік секторын дамыту - кемінде 10 адам; салық салу - кемінде 15 адам; дамыған елдердің индустриялық саясаты - кемінде 10 адам; мемлекеттік тілді оқыту - 97 адам, ағылшын тілін оқыту кемінде 46 адам; халықаралық деңгейдегі сарапшы аудиторлардың атағына кемінде 40 адам дайындау;
мына жабдықтарды сатып алу: тауарлардың массасын айқындау үшін - N 1 жұмыс жиынтығы (3 бірлік); - тауарлардың тығыздығын айқындау үшін - N 2 жұмыс

жиынтығы (3 бірлік); - технологиялық автокөлік (кемінде 19 бірлік); кемінде 14 бірлік арнайы автокөлік (жылжымалы зертхана). 3 бірлік жеңіл автокөлік сатып алу; Шығыс материалдарын, жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу; 2006 жылға арналған материалдық-техникалық жарақтандыру жалпы қажеттіліктің, 50 %-ын, ұйымдық техникамен жарақтандыру жалпы қажеттіліктің 75 %-ын құрайды. Министрліктің қызметкерлерін Интернет желісіне ену қызметтерімен қамтамасыз ету. Есептеу техникаларына техникалық қызмет көрсету. Мына жергілікті міндеттер мен ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу: СТК және СФС бойынша Дүниежүзілік сауда ұйымымен өзара іс-қимыл жасау; Техникалық реттеу және стандарттар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік қоры;
Қазақстан Республикасының РФ-дағы сауда өкілдігі үшін микроавтобус - 1 бірлік; компьютер кемінде 2 бірлік, басшы үшін 1 бірлік жиһаз сатып алу; Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі процесі туралы 12 санда кәсіпқой аудармашылардың, телебағдарламалар мен сюжеттерді дайындау және тарату жөніндегі қызметтерді сатып алу;
Радио-Интернет - 1 бірлік, факс аппараты - 1 бірлік, ноутбук - 1 бірлік, ұйымдастыру техникалары - 4 бірлік, сервер, дерекқорлар - 1 бірлік, компьютер үстелдері - 4 бірлік, принтерлер - 2 бірл., сканерлер -1 бірлік сатып алу, бұл қажеттілікті 100 %-ын құрайды.

**Түпкілікті нәтиже:**
2005 жылы ИСО 9001 халықаралық стандарттарынан өткен Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының барлық саны 409-ды құрайды, 2006 жылы күтілетін күтім - 20 %; экономиканың шикізаттық емес секторына ірі шетел инвесторларын тарту; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын одан әрі өсіру үшін жағдайлар жасау; мемлекет мүдделерін және тұтынушыларды сапасыз өнімнен қорғауды қамтамасыз ету;

барлық өлшемдер түрлерін шынайы есепке алуды қамтамасыз ету; экспортты жылжыту мәселелері бойынша отандық тауар өндірушілердің хабардар болуын арттыру;
АЭА-ны құру орындылығының техника-экономикалық негіздемесінің болуы; отандық тауар өндірушілердің алыс және жақын шетел компанияларымен тиімді келісім-шарттар және шарттар жасасуы (бұрын өткізілген көрмелер тәжірибесін ескере отырып, көрмеге қатынасқан кәсіпорындардың 50 %-дан астамы шетелдік компаниялармен ынтымақтасу туралы шарттар жасайтынын атап кету қажет); шағын кәсіпкерлік субъектілер санын 692,6 мыңнан 734,0 мыңға дейін ұлғайту; тауар рыноктарының шоғырлану деңгейін, 25 тауар көрінісі бойынша тауар рыногының құрылым деңгейінің көрсеткіштерін айқындау, бәсекелестікті қорғау саласындағы саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу; Қазақстан Республикасы мен алыс, жақын шетелдері арасындағы сауда-экономикалық

байланысты дамыту.
Қазақстанның ДСҰ-ға кіру салдарын бағалау есебі.
**Қаржы-экономикалық нәтижелері:**
"Алтын Сапа" республикалық көрме-конкурсына 1 қатысушыны тартуға кететін орташа шығын - 175 мың теңге;
1 кадастрды жүргізуге және басуға кететін орташа шығын - 48,5 мың теңге;
1 аттестациялық зерттеу жүргізуге кететін орташа шығын - 24,1 мың теңгені құрайды;
сапа менеджментін әзірлеуге, енгізуге және сертификаттауға кететін орташа шығын 4700,0 мың теңгені құрайды.
лицензияның 1 бланкісін дайындауға кететін орташа шығын - 0,45 мың теңге;
сатып алуға кететін орташа шығын 0,595 мың теңге, сынау - 3,4 мың теңге;
1 аумақтың бөлімше үшін сапа менеджментін әзірлеуге, енгізуге және сертификаттауға кететін орташа шығын - 1875,0 мың теңгені құрайды; кез келген түрде орамадағы қатталған тауарлардың санын қадағалау бойынша 1 метрологиялық аспапты сатып алуға кететін орташа шығын кемінде 1851,0 мың теңгені құрайды;
жылжымалы зертхананы сатып алуға кететін орташа шығын кемінде 9312,0 мың теңгені құрайды;
технологиялық көлікті сатып алуға кететін орташа шығын кемінде 1346,0 мың теңгені құрайды;
КМҚ-ты 3500,0 мың теңгеге сүйемелдеу;
ДСҰ-мен техникалық кедергілер жөніндегі өзара іс-қимыл бойынша ақпараттық орталық жүйесін сүйемелдеу - 5500 мың теңге; инвестицияларды қолдау жөніндегі 1 семинар, саммитке кететін шығын 400 мың теңгені, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін ШИС 3310 мың теңгені, 1 жарнамалық-ақпараттық өнімді басуға кететін шығын - 3,8 мың теңгені құрайды;
шағын кәсіпкерліктің ЖІӨ құрылымындағы үлесін ұлғайту кемінде 35 %;
Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістігі үшін" республикалық конкурсын өткізуге арналған шығындар 5000,0 мың теңге;
АЭА-ның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеуге арналған шығындар 30 млн. теңгені құрайды.
бұрын өткізілген тәжірибелерге сілтеме жасай отырып, көрмеге қатынасқан кәсіпорындардың 50 %-дан астамы шетелдік компаниялармен ынтымақтасу туралы шарттар жасайтынын атап кету қажет, бұл қазақстандық экспорттың құрылымын жақсартуға, шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту және түрлерді ұлғайту негізінде кәсіпорындардың экспорттық тиімділігін және ауқымын арттыруға мүмкіндік береді;
1 мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға кететін орташа шығын - 15,2 мың теңге; 1 мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілге оқытуға кететін орташа шығын 13,5 мың теңге; ағылшын тіліне - 15,0 мың теңге; 1 сарапшы - аудиторды дайындауға кететін орташа шығын 635,0 мың теңге;

**Уақтылығы:**
жүктелген функцияларды уақтылы орындау. Қоғамдастыққа Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктері туралы уақтылы хабар беру және экономиканың басым кластерлерін дамыту;
техникалық тапсырмаға (ерекшелікке) және жасалған шарттарға сәйкес.
**Сапасы:**
қазақстандық тауарларды сыртқы рыноктарға экспорттық жылжыту үшін жағдайлар жасау, қазақстандық кәсіпорындардың жүргізілген іс-шаралардың ұйымдастырылуынан қанағаттану деңгейі, БАҚ-та басылымдар, көрменің сәтті өткізілгені туралы пікірлер. Қазақстандық қатысуды ұлғайту;
техникалық тапсырмаға (ерекшелікке) және жасалған шарттарға сәйкес;
инвесторларды инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралар туралы толық ақпаратпен қамтамасыз ету;
қазіргі заманғы экономикалық шарттарға сәйкес, кәсіптік мемлекеттік қызметтің талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік деңгейін арттыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
327-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға кредиттер беру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 22000000 мың теңге (жиырма екі миллиард теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет Басшысының "Қазақстан экономикалық әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында"

Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын" орындаудың желілік кестесінің 35-тармағы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың қалың топтары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамытудың проблемаларын кешенді шешу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : рыноктың тарабынан да және сұраныс тарабынан да тұрғын үйдің толыққанды теңгермелі рыногын құру; халықтың қалың топтары үшін ипотекалық кредиттер беру мен тұрғын үй құрылыс қорланымдарының қолжетімділігін арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары-ның бюд-жеттеріне тұрғын үй салуға кредиттер беру | 22000 млн. теңге сома-сында облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға республикалық бюджеттен кредиттік қаражаттар аудару. | жыл бойы | Қазақстан Респу-бликасы Индустрия және сау-да мини-стрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже.
- кредиттік тұрғын үйді болжанатын пайдалануға беру 0,42 млн. шаршы метрді құрайды;
- құрылыс өнімі импортының көлемін азайту;
- рыноктың тарабынан да және сұраныс тарабынан да тұрғын үйдің толыққанды теңгермелі рыногын құру;
- құрылыс индустриясының тиімді рыногын қалыптастыру;

Түпкілікті нәтиже.
- республика бойынша тұрғын үй құрылыстың барлық көлемі 4,2 млн. шаршы метрді құрайды.
- тұрғын үй құрылысын дамытудың проблемаларын шешу;

Қаржы-экономикалық тиімділік.

- инвестициялық салымдардың тиімділігін арттыру және жаңа қазақстандық сметалық нормативтердің жүйесі арқылы қаржы қаражаттарын жұмсауды оңтайландыру;
- құрылыс қызметінен бюджетке салықтарды, оның ішінде, құрылыс саласы қызметкерлерінен мүлік салығын, табыс салығын жинауды ұлғайту;
- құрылыс материалдары, электротехникалық өнеркәсіп, металлургия және химия өнеркәсібінің өнімін, сондай-ақ жаңа тұрғын үйді жайғастыру заттарын шығаруды ұлғайту есебінен салалас салаларындағы мультипликативтік тиімділік;
Уақтылығы:
- тұрғын үйлерді пайдалануға берудің жыл сайынғы қарқыны өсуі кезінде үш жылда жалпы аумағы 12 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй салынатын болады;
- 45 мыңнан астам адамға жаңа жұмыс орындарын құру;
- тұрғын үйдің бастапқы рыногы және инвестициялық процесс одан әрі дамиды;
Сапа.
- тұрғын үй қорының қолайлылығын жақсарту;
- қалалар мен басқа да елді мекендердің сәулет бейнесін жақсарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
328-ҚОСЫМША

<u>**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда**</u> **министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Мырғалымсай кен орны кеніштерін жою"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 502619 мың теңге (бес жүз екі миллион алты жүз он тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Кентаукеніштерінжою" республикалық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 қарашадағы N 1488 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1278 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" мемлекеттік бағдарламасы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Кентау, Түркістан қалаларының өңірлерінде және оған жақын 20-дан астам елді мекендерде экологиялық апаттың алдын алу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Кентау қаласының оңтүстік-батыс

ауданындағы "Глубокий" кенішінің Клетьев діңгегінен суағар қазбасының өткіні бойынша және жобаларға сәйкес Баялдыр қалдықсақтауышын тоқтату және қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мырғалымсай кен орны ке-ніштерін жою | 1. Баялдыр қалдықсақ-тауыш аумағын жоспарлау жөніндегі жұмыстарды бастау; (1-ші кезек - 142 га).<br><br>2. Жер жұмыстары (35 га).<br>3. Орманды алқап. (25 га).<br>Су ағар қазбасы:<br>1. Темір бетон науаша-сынан бастап Қосқорған су қоймасына дейінгі су лақтырындысының ашық арнасын үңгілеу;<br>2. 372В ұңғысының порталынан бастап Кентау қаласының оң-түстік-батыс ауданына дейін су ағар қазбасы-ның ашық қазбалау бөлігін үңгілеу және бекіту;<br>3. N 1, 2, 3 өзектерін үңгілеуге жарақтандыру (копер).<br>4. Үңгілеуге жарақтау (электр. жабдықтау);<br>5. N 1, 2, 3 ұңғыларын қазбалау.<br>6. "Глубокий" кенішінің Клетьев ұңғысынан бастап Кентау қаласының оңтүстік-батысына<br>су ағар әзірлеу (750м. тау жынысы).<br>7. "Глубокий"»кенішінің Клетьев ұңғысынан бастап Кентау қаласы-ның оңтүстік-батысына су ағар әзірлеу ( IY тобының топырағы бойынша 1510 м);<br><br>8. Су ағар құбырлар бар 5 атм.-ге су өткізбейтін мойнақ | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Индустрия және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 9. Су ағар қазбалауда үңгілеу кезінде су деңгейінің төмендеуі 10. Жер бетін және жер асты суларын бақылау жөнінде өндірістік мониторинг. 11. Пайдалану шығыстары. | | сауда министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 2006 жылы Кентау қаласының оңтүстік-батыс ауданындағы "Глубокий" кенішінің суағар қазбасының өткіні бойынша жобаға сәйкес жұмыстың жалпы көлемінен 56,0%-ға сәйкес келетін көлемінде жұмыс, 90,0 % жобаны іске асыруды бастаудың барлығы орындалатын болады;
2006 жылы Баялдыр қалдықсақтауышын консервациялауды жалғастыру жөніндегі жұмыстар жоба бойынша жұмыстардың жалпы көлемінен 60,0 %-ға сәйкес келетін көлемде, 80,0 % жобаны іске асыруды бастаудың барлығы орындалатын болады.
Түпкілікті нәтиже:
Кентау, Түркістан қалаларының өңірлеріндегі және оған жақын 20-дан астам елді мекендердегі тұрғын үй массивіне және ауыл шаруашылығы алқаптарына улы шаңдардың түсуінің ең аз қатері.
Қаржы-экономикалық тиімділік: халық пен ұйымдарға зиянды өтеуге арналған бюджеттік қаражатты міндетті бөлуді талап ететін мүмкін болатын жағдайдың туындауының алдын алу.
Уақтылығы: күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес.
Сапасы: ПСД-ға сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
329-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 20000000 мың теңге (жиырма миллиард теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықты тұрудың тиісті жағдайларымен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жеке тұрғын үй құрылысы аумақтарын және көп пәтерлі тұрғын үйлерді инженерлік-коммуникациялық желілермен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Облыстық бюджет- терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне инженер-лік-ком-муникациялық инфрақұ-рылымды дамытуға және жайлас-тыруға беріле-тін нысаналы даму трансфе-рттері | Облыстардың, Астана және Алматы қалалары-ның бюджетеріне жеке тұрғын үй құрылысы және көп пәтерлі тұр-ғын үйлер үшін инженерлік - коммуникациялық желі-лерді салуға арналған республикалық бюджет-тің трансферттерін беру. Жеке тұрғын үй құрылысы және көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін инженерлік-комму-никациялық желілерді салу . | I тоқсан | ҚазақстанРеспубли-касы Индустрия және сау-да минис-трлігі, облыстар-дың, Астана және Алматы қалалары-ның әкім-діктері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : *Тікелей нәтиже:
- 2,6 млн. шаршы метр инженерлік желілерді пайдалануға беру.

Түпкілікті нәтиже:
- тұрудың тиісті жағдайларында халықтың қажеттілігін неғұрлым толық қанағаттандыру.

Қаржы-экономикалық тиімділік:
- 1 шаршы метрге инженерлік-коммуникациялық желілерді салуға шығыстар 7700 (жеті

мың жеті жүз) теңгені құрайды.
Уақтылылығы:
- Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыру үшін инженерлік-коммуникациялық желілерді пайдалануға берудің кестесіне сәйкес.
Сапасы:
- СНиП-тарға сәйкес;
- тұрғын үйлерді салу аумақтарының қажеттіліктеріне инженерлік-коммуникациялық желілерін коммуналдық және басқа да қызметтеріне толық сәйкестігі.
Ескерту: *) "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес инвестициялық жобалардың тізбесі, сондай-ақ заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шаралар (бекітілген күні мен N немесе ЖСҚ мемлекеттік сараптамасының қорытындысын көрсете отырып), трансферттерді игеру шеңберіндегі сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламалардың паспорттарында көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
330-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 73460 мың теңге (жетпіс үш миллион төрт жүз алпыс мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242-II Заңының 28 және 29-баптары ; " Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы , "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы , "Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005 -2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : адамның толыққанды мекен ету және өмір қызметін қалыптастыру, құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырмалары өнеркәсібінің инновациялық дамуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : - болуы мүмкін бұзушылық жер сілкіністерінен сейсмикалық тәуекелді және залалды төмендету;
- ғимараттардың және имараттардың тұрақтылығы мен ұзақ жарамдылығын қамтамасыз ету, оның ішінде күрделі инженерлік-геологиялық жағдайлардағы құрылыс үшін іргетастарды және ғимарат негіздерін тиімді құрастырмалық шешімдер әзірлеу;
- импорт алмастырушы құрылыс материалдарының, бұйымдарының, құрастырмаларының өндірістері технологияларының жаңа түрлерін алу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Құрылыс саласын-дағы қолданбалы ғылыми зерттеу-лер | I. Үш өтпелі тақырып-тар бойынша болуы мүмкін бұзушылық жер сілкіністерінен сейс-микалық тәуекелді және залалды төмендету саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу:<br>1) Қазақстанның сейсмикалық аудандарындағы тұрғын үйлерді жергілікті құрылыс материал-дарымен(саман, қожкүл-блоктар) жобалау, салу және күшейту жөніндегі нұсқама. ларды әзірлеу;<br>2) Қабатты бетондардан қабырғалық жүйелердің сейсмикалық тұрақтылы-ғын зерттеу және сейс-микалық аудандар үшін қабатты бетондардан ұстап тұрушы қабырға-лармен моналиттік ғимараттарды жобалау жөніндегі нұсқама. ларды әзірлеу;<br>3) Ғимараттардағы инженерлік-сейсмомет- | жыл бойы | ҚазақстанРеспубли-касы Индустрияжәне сауда министр- лігінің Құрылыс және тұр-ғын үй - коммунал-дық шаруашылық іс-тер коми-теті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | рикалық қызмет станциясы аспаптарына жаңғырту жүргізу және өлшеудің цифрлық жүйесін енгізу.<br>II. Ғимараттардың және имараттардың тұрақтылығы мен ұзақ жарамдылығын қамтамасыз ету саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, оның ішінде бір өтпелі тақырыптар бойынша әлсіз топырақтағы іргетастар мен негіздемелердің тиімді конструктивтік шешімдерін әзірлеу:<br>Нығыздалатын топырақтардағы азбүлдірілген іргетастар құрылғыларының технологияларын және механизациясын зерттеу және әзірлеу.<br>III. Үш жаңа тақырып бойынша құрылыс индустриясының базасын дамытуды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары-өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде):<br>1) Құрылыс материалдары өнеркәсібінің шикізаттық базасын кешенді бағалауды орындау және зерттеу жүргізу;<br>2) Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырмаларының жаңа өндірістері үшін стандарттарды, нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттарды әзірлеуді ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;<br>3) Құрғақ құрылыс қоспалары, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бетондар, ерінділер мен бояғыштар үшін химиялық қоспаларды шығару жөніндегі кешенді зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу. IV. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу жөніндегі қызметтерді төлеу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: саланың дамытудың перспективаларын айқындау үшін шикізат базасын кешенді бағалау.
Түпкілікті нәтиже:
жер сілкінісінен мүмкін болатын зиянды азайту, жаңа технологиялармен және нормативтік құжаттармен құрылыс индустриясының базасын дамытуды қамтамасыз ету, тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдарын шығаруды дамыту.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің орташа құны 10494,3 мың теңге құрайды;
Уақтылығы: жасалатын шарттарға сәйкес жыл бойы.
Сапасы:
ғылыми-техникалық өнімнің халықаралық талаптармен жұмыстар нәтижелеріне сәйкестігі, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың оң қорытындысы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
331-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

Сапа: үшінші тарапқа орындалған жұмыс сапасы туралы қорытынды беру үшін орындалған талдамалық есептерді жіберу есебінен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
339-1-қосымша

*Ескерту. Қаулы 339-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470А *қаулысымен.*

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі** Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 2000000 мың теңге (екі миллиард теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 286 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** акциялардың мемлекеттік пакеттерін ( қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ға берілген мемлекет қатысатын (бұдан әрі - компаниялар) заңды тұлғаларды тиімді корпоративтік басқару жолымен Қазақстан Республикасы экономикасының барлық

секторларында инвестициялық және инновациялық белсенділігін арттыру және ынталандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының стратегиясының ережелерін, мемлекеттік және салалық (сектоpалдық) бағдарламаларды ескере отырып, индустриалдық-инновациялық даму саласында Мамандандырылған Кеңестің ұсынымдарының негізінде компаниялардың стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуін қамтамасыз ету; ұлттық экономиканы әр тараптандыруда Қазақстан Республикасының Үкіметіне жәрдемдесу компаниялардың қызметін үйлестіру негізінде экспорттық-импорттық сектордың басымдықтарын пайдалану; компанияларды корпоративтік басқарудың таңдаулы әлемдік тәжірибені енгізу; компаниялардың қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру, компаниялардың мамандануы арасында және олардың арасындағы мәнді бәсеке балансын айқындау; Қазақстан Республикасының қор нарығын дамытуға жәрдемдесу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| р/с N № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарлама (кіші бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру | "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру | 2006 жылғы екінші жарты жылдықта | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы экономикасының барлық секторларында инвестициялық және инновациялық белсенділікті арттыру және ынталандыру

Уақтылығы: жарғылық капиталын қалыптастыру жөніндегі заңнамада көзделген рәсімдерге сәйкес келтіру.

Сапасы: акциялардың мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ға берілген компанияларды тиімді корпоративтік басқару.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
340-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруды институционалдық қамтамасыз ету" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 22593600 мың теңге (жиырма екі миллиард бес жүз тоқсан үш миллион алты жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығы; "Ақпараттық технологиялар паркі " арнайы экономикалық аймағының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1377 қаулысы ; "2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ғылыми-инновациялық қызметтің институционалды қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 775 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экономика салаларын әртараптандыру; экономиканың шикізаттық емес секторына кредит берудің көлемін ұлғайту және қарыз алудың және кредит берудің құнын төмендету; Қазақстан экономикасының жаңа салаларды құру және дамыту үшін ұлттық инновациялық инфрақұрылымды, ортаны қалыптастыру және дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : экономиканың шикізаттық емес секторына кредит берудің көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету және өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының қарыз алу мен кредит берудің құнын төмендету; шикізат пен материалдардың тереңдетілген қайта өңделуін жүргізетін, бәсекеге қабілетті өнімдер шығаратын қайта құрылған, сондай-ақ қолданыстағы кәсіпорындардың жарғылық капиталының инвестицияларын жүзеге асыру; Инновациялық дамудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру; "Ақпараттық технологиялар паркі" басқарушы компаниясының қызметін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар- | Кіші бағ- | Кіші бағдар- | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | лама коды | дар-лама коды | лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Индустри-ялық-ин-новация-лық даму страте-гиясын іске асы-руды инс-титуцио-налдық қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 102 | "Қазақс-танның Даму Банкі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | Республикалық және жергілікті бюджеттер-дің орындалу ережесін-де көзделген рәсімдер-ді орындау; жарғылық капиталды ұл-ғайту жөніндегі заңна-мада көзделген рәсім-дерді орындау; бюджет қаражатын бөлу; 2005 жылы Банктің ен-шілес лизингтік компа-ниясын құруды ескере отырып, "Қазақстанның даму Банкі" АҚ-ның жарғылық капиталын толтыруға арналған бюджет қаражатын пайдалану. | 2006 жылдың 1 ақпаны-на дей-ін, 15 науры-зына дейін, 30 нау-рызына дейін, бюджет қаража-тын ал-ған кезден бастап | ҚазақстанРеспубли-касы Индустрия және сау-да минис-трлігі |
| 3 | | 103 | "Ұлттық иннова-циялық қор" АҚ-ның жар-ғылық ка-питалын ұлғайту | 1. Ұлттық инновациялық қордың инновациялық инфрақұрылымын дамыту-да, жарғылық капиталға компанияларды тікелей инвестициялау арқылы инновациялық жобалар-да және қолданбалы ғы-лыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру-да отандық және шетел-дік компаниялармен венчурлік қорларды құ-руға қатысуын ұлғайту. 2. Алатау кентіндегі "Ақпараттық техноло-гиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын салу және дамыту, | 2006 жыл наурыз | ҚазақстанРеспубли-касы Индустрия және сау- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оның ішінде: - белгі-ленген тәртіпте мемле-кеттік сараптамадан және бекітуден өткен жобалық-сметалық құ-жаттамаға сәйкес "Ақпараттық техноло-гиялар паркі" АЭА-ның 1-кезектегі құрылысын аяқтау:<br>- зертханалық метроло-гиялық, кеңсе жабдықтарын және жиһазды сатып алу;<br>- "Ақпараттық техноло-гиялық паркі" деталь-ды қала құрылысының жобасын әзірлеу. | | да минис-трлігі |
| 4 | | 104 | "Қазақс-танның инвести-циялық қоры" инвести-циялық компания-сы" АҚ-ның жар-ғылық капиталын ұлғайту | Жаңа технологияларды пайдалана отырып шикізат пен материал-дардың тереңдетілген қайта өңделуін жүргі-зетін, бәсекеге қабі-летті өнімдер шығара-тын, сондай-ақ өнеркә-сіпте өз қызметін жү-зеге асыратын перспек-тивті ұйымдарға өнді-рістік қызметтер көр-сететін қайта құрыл-ған, сондай-ақ қолда-ныстағы кәсіпорындар-дың жарғылық капиталы-ның инвестицияларын жүзеге асыру. | жыл бойы 2006 жыл наурыз | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сау-да минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

102-кіші бағдарлама

Тікелей нәтиже:

- 2006 жылы экономикаға Банк ұсынатын кредиттерінің көлемін өсу қарқынын 25 % деңгейде қамтамасыз ету;
- кредиттеудің өңірлік лимитін 200 млн. $ дейін, кредиттеудің салалық лимитін 250 млн. $ дейін және тәуекел бойынша лимитті 1 қарыз алушыға кемінде 130 млн. $ дейін, ұлғайту;
- экономиканың шикізаттық емес секторларында Банктің ірі жобаларға кредит беру мүмкіндігін ұлғайту;

Түпкілікті нәтиже:

- неғұрлым ауқымды инвестициялық жобаларға кредит беру мүмкіндігін ұлғайту;
- Банктің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Банктің инвестициялық мүмкіндігін кеңейтетін "Қазақстанның Даму

Банкі" АҚ-ның еншілес лизингтік компаниясын құру.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
- осы бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатын бөлу 2005 жылы Банктің еншілес лизингтік компаниясын құруды ескере отырып, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ның жарғылық капиталын толтыруға арналған бюджет қаражатын пайдалануға мүмкіндік береді.
Уақтылығы:
- жарғылық капиталды ұлғайту жөніндегі заңнамада көзделген рәсімдерге сәйкес.
Сапасы:
- инвестициялық жобаларды іске асыру, экономиканың шикізаттық емес секторына кредит беру көлемін ұлғайту 103-кіші бағдарлама
Тікелей нәтиже:
- венчурлық қорлар құру, шетелдік венчурлық қорларға қатысу;
- технологиялық бизнес-инкубаторлар құру;
- Ақпараттық технологиялар паркінің бірінші кезектегі құрылысын аяқтау;
- Иновациялық дамудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру;
- инновациялық жобалардың және ҒЗТКӘ жобаларын қаржыландыру көлемін ұлғайту;
Түпкілікті нәтиже:
- кәсіпкерліктің инновациялық белсенділігін арттыру.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
- ғылымның өндіріспен байланысын нығайту, Қордың инновациялық жобаларды іске асыруға қатысуын ұлғайту, инновациялық кәсіпкерліктің қызметін жандандыру.
Уақтылығы:
- жарғылық капиталды ұлғайту жөніндегі заңнамада көзделген рәсімдерге сәйкес.
Сапасы:
- инвестициялық жобаларды және ҒЗТКӘ жобаларын іске асыру, инновациялық инфрақұрылымның элементтерін құру, шарттың жағдайына сәйкес "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының 1-кезектегі құрылысын аяқтау.

104-кіші бағдарлама.
Тікелей нәтиже:
- Қазақстандағы сияқты шетелде де кәсіпорындардың жарғылық капиталында үлестік және бақылаусыз қатысу жолымен экономиканың шикізаттық емес секторында жеке сектордың бастамасына қаржылық қолдау көрсету;
- инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту, инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемін ұлғайту;
- инвестициялық, оның ішінде ірі жүйе қалыптастыратын, инфрақұрылымдық және жоғары технологиялық жобаларды іске асыру.
Түпкілікті нәтиже:

- Инвестициялық қордың шикізат пен материалдардың тереңдетілген қайта өңделуін жүргізетін, бәсекеге қабілетті өнімдер шығаратын қайта құрылған, сондай-ақ қолданыстағы кәсіпорындардың жарғылық капиталының инвестицияларын жүзеге асыру;
- Қазақстанның Инвестициялық қорының қатысуымен қызметті жүзеге асыратын компаниялардың инвестициялық тартымдылығына қол жеткізу;
- ішкі өңірлік және өңір аралық өндірістік кешендерді және ЦДС-ті құру және нығайту;

- жаңа жұмыс орнын құру.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
- жаңа өндірістер құру.
Уақтылығы:
- жарғылық капиталды ұлғайту жөніндегі заңнамада көзделген рәсімдерге сәйкес.
Сапасы:
- өңдеуші өнеркәсіптің дамуын көздейтін инвестициялық жобаларды іске асыру.
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
341-ҚОСЫМША
__233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда__ **министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2890790 мың теңге (екі миллиард сегіз жүз тоқсан миллион жеті жүз тоқсан мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Ынтымақтастық Жапон Банкі арасындағы "Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су құбырлары" жобасы бойынша қарыз туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 қарашадағы Заңы ; "Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су құбырлары" жобасын жүзеге асыру үшін қарыз тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапон Үкіметінің арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 қарашадағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халыққа сумен жабдықтау қызметтеріне тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : сумен жабдықтау мен су бөлу құрылыстарын кеңейту және қайта жаңғырту үшін жағдайлар жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 024 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары-ның бюд-жеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансфер-ттері | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асы-ру | "Астана қаласын сумен жабдықтау және су бө-лу (кәріз) жобасын іс-ке асыру үшін Астана қаласының бюджетіне нысаналы трансферттер-ді аудару. | қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубли-касының Индустрияжәне сау-да минис-трлігі |
| 3 | | 016 | Жобаны республи-калық бюджеттен сыртқы қарыздар-ды бірле-сіп қар-жыландыруесебінен іске асы-ру | "Астана қаласын сумен жабдықтау және су бө-лу (кәріз)" жобасын іске асыру үшін Астана қаласының бюджетіне нысаналы трансферттер-ді аудару. | қаңтар-желтоқ-сан | Индустрияжәне сау-да минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Астана қаласында сумен жарақтандыру және су тарту жөніндегі

орындалған жұмыстардың көлемі.
Түпкілікті нәтиже: қауіпсіз, сенімді және сапалы ауыз сумен, сондай-ақ су тартудың сапалы қызметтерімен қамтамасыз ету үшін сумен жарақтандыру объектілерін пайдалануға беру. Шарт жағдайларына сәйкес пайдалануға беру.
Қаржылық-экономикалық тиімділік: республика үшін экономикалық тиімділігі халықты сумен жарақтандыру қызметіне тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы қол жеткізіледі.
Уақытылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес.
Сапа: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.
Ескерту: *) Заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шаралар (бекітілген күні мен N немесе ЖСҚ мемлекеттік сараптамасының қорытындысын көрсете отырып), трансферттерді игеру шеңберіндегі сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламалардың паспорттарында көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
342-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға берілетін нысаналы даму трансферттері"
деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 6200000 мың теңге (алты миллиард екі жүз миллион теңге).
**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.
**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.
**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың әлеуметті қорғалатын топтары үшін жаңа тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамсыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын кеңейту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 025 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға берілетін нысаналы даму трансферттері | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджетіне тұрғын үй құрылысына республикалық бюджеттен трансферттер беру. Халықтың әлеуметтік қорғалған жіктері үшін коммуналдық тұрғын үй салу. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- 0,13 млн. шаршы метр коммуналдық тұрғын үйді пайдалануға беру.

Түпкілікті нәтиже:
- әлеуметті қорғалған азаматтардың жекелеген санаттарының тұрғын үй проблемаларын шешу;
- тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған тізімде тұрған әлеуметтік қорғауды қажетсінетін азаматтардың санын қысқарту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- 1 шаршы метрге шығындар 47700 (қырық жеті мың жеті жүз) теңге.

Уақтылылығы:
- тұрғын үйді пайдалануға беру кестесіне сәйкес.

Сапасы:
- құрылыс нормасына және ережелерге сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
343-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Ақпараттық технологиялар паркінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету" деген 027 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 18259 мың теңге (он сегіз миллион екі жүз елу тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Ақпараттық технологиялар паркі" Арнайы экономикалық аймағының дирекциясы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1382 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : орталық атқарушы органның шешімдерін іске асыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру және АТО АЭА-ның тиімді жұмыс істеуі үшін ұйымдастырушылық жағдаймен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : АТО АЭА-ның аумағында мемлекеттік және өзге де органдарды үйлестіру мен өзара ынтымақтастығын қамтамасыз ету, АТО АЭА-ның аумағында жобаларды жүзеге асыру құқығына рұқсат беруді ұйымдастыру; АТО АЭА-ға қатысушылардың қызметін регламенттеу, АТО АЭА-ға қатысушыларды есепке алу және есептілік жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Ақпарат-тық техноло-гиялар паркінің жұмыс | 1. "Ақпараттық технологиялар паркі" Арнайы экономикалық аймағының дирекция. сының" матери-алдық-техникалық | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сау-да минис- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | істеуін қамтама-сыз ету | базасын ұстау және нығайту; 2. АТО АЭА дамуының перспективалық және жылдық жоспары мен бағдарламасын әзірлеу-ге қатысу; 3. Сараптамалық Кеңес-тің жұмысына қатысу; АТО АЭА-ның дамуы мен жұмыс істеуінің мәсе-лелері жөнінде Уәкілетті органға ұсыныстар әзірлеу мен енгізу; 4. АТО АЭА-ға қатысу-шыларды тіркеу, АЭА-ның аумағына рұқсат беру режимін ұйымдас-тыру және жүзеге асы-ру; Жерді уақытша пай-далану құқығында АТО АЭА-ның аумағында қызметін жүзеге асыра-тын ұйымдармен жалға алу шарттарын жасасу; 5. АТО АЭА-ға қатысу-шылардың жобаларды орындау мониторингі және олардың АТО АЭА-ның мақсаттарына сәй-кестігі; 6. АТО АЭА-ға қатысу-шыларға салықтық заң-намаға сәйкес тәртіпте және мемлекет алдында салықтық міндеттеме-лерін орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті органдармен келісім бойынша Индустрия және сауда министрлігінің нысаны бойынша алынған кіріс-терді қызметтердің түрлерінен алынған кіріске жатқызылуын растайтын құжатты беруін жүзеге асыру; 7. АТО АЭА-ның жұмыс істеуі туралы Уәкілет-ті органға есеп беру; | | трлігінің (Ақпарат-тық техноло-гиялар паркі Ар-найы эко-номикалық аймағының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 8. "Бір терезеден" қағидаты бойынша құжаттарды қабылдау-беруді ұйымдастыру. | | дирекция-сы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: АТО АЭА-ны бірінші кезекте 2006 жылғы наурыз-сәуірде ашу; 2006 жылғы жоспар бойынша АТО АЭА-ның аумағында тіркелген және жұмыс істеуші фирмалардың саны - 20-25 күтілуде.
2006 жылғы жоспар бойынша жерді уақытша пайдалану құқығында АТО АЭА-ның аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен жалға алудың жасалған шарттарының саны - 5-7 күтілуде;
Сараптамалық кеңестің зерттеген АТО АЭА-ға қатысушылары жобаларының саны - 20 - 25 жоспарлануда;
"Бір терезеден" қағидаты бойынша құжаттарды қабылдау-беруді ұйымдастыру.
Түпкілікті нәтиже: АТО АЭА-ның Дирекциясының тиімді қызметінің нәтижесінде мыналар: АТО АЭА-ның аумағында инновациялық жобаларға 100 млн. теңге көлемінде инвестицияларды тарту;
ақпараттық технологиялардың бағдарламалық өнімдерінің жаңа түрлерін өндіру жөніндегі жобалар саны 10 іске асатынын қамтамасыз етіледі.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: АТО АЭА-ның Дирекциясын ұстауға республикалық бюджеттен бөлінген 1000 теңгеге 5000 теңгеден аса көлемде инвестициялар тартылатындығы ұйғарылады.
Уақытылығы: "АТО" АЭА-ның қалыптасуы мен дамуының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын орындау;
Сапасы: АТО АЭА-ның тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайдың жеткіліксіз ұйымдастырылуына қатысушылар тарапынан шағымның жоқтығы.
Орталық атқарушы органның шешімдерін іске асыру жөніндегі функицяларды тиімді жүзеге асыруға оң қорытынды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
344-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықтарды дамытуға

берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 11614073 мың теңге (он бір миллиард алты жүз он төрт миллион жетпіс үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымдары мен жолдарын 2010 жылға дейін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1190 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы халқының тұруы үшін қолайлы орта жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жайлы тұру жағдайларын жасау үшін коммуналдық шаруашылықтың инженерлік инфрақұрылымын ұлғайту және жетілдіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 028 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары-ның бюд-жеттеріне коммунал-дық шаруашы-лықтарды дамытуға берілетін нысаналы даму трансфер-ттері | Астана қаласының бюд-жетіне белгіленген заңнамалық тәртіппен бекітілген мына бюд-жеттік инвестициялық жобалар шеңберінде іс-шараларды іске асы-руға арналған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республика-сының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметі-нің 2005 жылғы 2 жел-тоқсандағы N 1228 қаулысына 2-қосышаға сай сома шеңберінде нысаналы трасферттерді аудару:<br>1) Астана қаласының | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сау-да минис-трлігі, Астана |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сол жағалау аумағының құрылыстарын су басудан инженерлік қорғау, құрғату, топырақ суларының деңгейін төмендету; 2) Талдыкөл ағынды суларды жинақтауышты қайта қалпын келтіру; 3) Жауынды су кәріздері жүйелерін дамыту («"Мемсараптама" РМК-тің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған 2005 жылғы 20 мамырдағы N 2-283/05 қорытындысы); 4) Астана қаласындағы бірінші кезектегі объектілерге инженерлік желілер тарту және аббаттандыру; 5) Астана қаласында жобаланатын және салынып жатқан тұрғын үй кешендеріне инженерлік желілер мен жолдар салу; 6) Астана қаласындағы жаңа университеттің инженерлік-коммуникациялық желілерін салу; 7) Астана қаласындағы жаңа өнеркәсіптік аймақтың (Индустриялық парк) салу инфрақұрылымын. | | қаласының әкімдігі. |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

Мына жобалар бойынша орындалған жұмыстардың көлемі: "Астана қаласының сол жағалау аумағының құрылыстарын су басудан инженерлік қорғау, құрғату, топырақ суларының деңгейін төмендету"; "Талдыкөл ағынды суларды жинақтауышты қайта қалпына келтіру арқылы жою";

"Жауынды су кәріздері жүйелерін дамыту"; "Астана қаласында бірінші кезектегі объектілерге инженерлік желілер тарту және аббаттандыру";

"Астана қаласында жобаланатын және салынып жатқан тұрғын үй кешендеріне инженерлік желілер мен жолдар салу, Астана қаласындағы жаңа университеттің инженерлік-коммуникациялық желілерін салу; Астана қаласындағы жаңа өнеркәсіптік аймақтың (Индустриялық парк) инфрақұрылымын салу".

Түпкілікті нәтиже: Қазақстан Республикасының, қаладағы тұрғындардың қолайлы

тұруы үшін коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалануға беру. Уақыттылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сай. Сапа: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.
Ескерту: *) Заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шаралар (бекітілген күні мен N немесе ЖСҚ мемлекеттік сараптамасының қорытындысын көрсете отырып), трансферттерді игеру шеңберіндегі сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламалардың паспорттарында көрсетілген.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
345-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді көркейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері"
деген 029 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 11239900 мың теңге (он бір миллиард екі жүз отыз тоғыз миллион тоғыз жүз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "2004-2006 жылдарға арналған Арал жағалауы проблемаларын кешенді шешу жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 520 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы тұрғындарының демалуы мен тұруы үшін қолайлы орта жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы халқының тұруына арналған қолайлы орта жасау үшін инфрақұрылымды дамытуға арналған шарттарды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 029 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары-ның бюд-жеттеріне қалалар мен елді мекендер-ді көр-кеңейтуге берілетін нысаналы даму трансфер-ттері | Облыстың бюджеттеріне, Астана және Алматы қалаларының бюджетте-ріне белгіленген заң-намалық тәртіппен бекітілген мына бюд-жеттік инвестициялық жобалар шеңберінде іс-шараларды іске асы-руға арналған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес«"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республика-сының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметі-нің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына 2-қосымшаға сай сома шеңберінде қалалар мен елді мекендерді, Астана қаласын көркейтуге берілетін нысаналы трасферттерді аудару:<br>1) Астана қаласындағы Президент саябағы ("Мемсараптама" РМК-тің 2005 жылғы 26 қыркүйектегі N 2-678/05 ТЭН бойынша қорытындысы);<br>2) Астана қаласындағы Арай саябағының құры-лысы;<br>3) Астана қаласындағы бас алаңның құрылысы;<br>4) Астана қаласындағы Есіл өзенінің арнасын қайта жаңғырту;<br>5) Қызылорда қаласын-дағы су құбырлары мен кәріздік желілерді қайта жаңғырту және кеңейту | Жыл бойы Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сау-да минис-трлігі, Қызылорда облысы мен Астана қаласының әкімдері. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Астана қаласындағы Президент саябағының, Арай саябағының, бас алаңның құрылысы

, Астана қаласындағы Есіл өзенінің арнасын қайта жаңғырту, Қызылорда қаласының су құбыры және кәріздер желісін қайта жаңғырту және кеңейту жөніндегі орындалған жұмыстардың көлемдері.
Түпкілікті нәтиже: Қазақстан Республикасы тұрғындарының қолайлы тұруына және демалуына арналған объектілерді іске қосу.
Қаржылық-экономикалық тиімділік: республика үшін экономикалық тиімділік Қазақстан Республикасы тұрғындарының демалуы мен тұруы үшін қолайлы орта жасау жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы қол жеткізіледі.
Уақытылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сай.
Сапа: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.
Ескерту: *) Заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шаралар (бекітілген күні мен N немесе ЖСҚ мемлекеттік сараптамасының қорытындысын көрсете отырып), трансферттерді игеру шеңберіндегі сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламалардың паспорттарында көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
346-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Шағын кәсіпкерлікті дамыту"
деген 032 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 10000000 мың теңге (он миллиард теңге).
2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды және дамытуды белсендендіруді күшейту жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығы (Қазақстан Республикасы Президентінің 29 тамыздағы 2002 жылғы N 936 Жарлығына сәйкес енгізілген өзгерістермен); Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1268 Жарлығы ; "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 886; 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 44 ; 1998 жылғы 23 қазандағы N 1077 ; 1998 жылғы 28 желтоқсандағы N 1346 ; 1999 жылғы 17 тамыздағы N 1175 ; 2003

жылғы 11 маусымдағы N 571 қаулыларына сәйкес енгізілген өзгерістермен); "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының қызметі туралы 2005-2007 жылдарға арналған меморандумын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 514 қаулысы ; Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 450 қаулысы ; "Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысы ; "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2005-2007 жылдарға арналған дамуы Тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 397 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қызметтерді ұлғайту мақсатымен "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ны капиталдандыру. Халықтың әртүрлі жіктерінің қажеттілігін туғызатын, мүдделері мен мүмкіндіктеріне жауап беретін, оларда бар кәсіпкерлік әлеуетті және бастаманы іске асыруға ниет қойған "Қаржылық супермаркет" қағидаты бойынша қор қызметін қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : - Қазақстан Республикасында микрокредиттер берудің жүйесін дамыту, микрокредиттік ұйымдардың жаңасын құру және қолданыстағыларын қаржыландыру;
- шағын бизнес субъектілерінің екінші деңгейдегі банктерде олардың кредиттерді алуы кезінде шағын бизнес субъектілері үшін кепілдер беру;
- жобалық қаржыландыруды және қаржылық лизингті жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 032 | | Шағын кәсіпкерлікті дамыту | "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры"»АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту үшін 10 000 млн. теңге қаражат аудару: оның ішінде:<br>- микрокредиттер беру, қолданыстағы және жаңадан құрылған микрокредит. | 1 тоқсан 2006 жыл | Қазақстан Республикасының Индустрия және сау- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тік ұйымдарды қаржыландыру - 4000 млн. теңге;<br>- шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін кепілдіктер беру - 5000 млн. теңге;<br>- жобалық қаржылан. дыру және қаржылық лизинг негізінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру - 1 000 млн. теңге | | да минис- трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- республика өңірлерінде микрокредиттер беру жүйесін дамыту үшін жағдайлар құру, сондай-ақ микрокредиттік ұйымдардың жаңасын құру және қолданыстағыларын қаржыландыру;
- шағын бизнес субъектілерінің екінші деңгейдегі банктерде олардың кредиттерді алуы кезінде шағын бизнес субъектілері үшін кепілдер беру;
- жобалық қаржыландыруды және қаржылық лизингті жүзеге асыру.

Түпкілікті нәтиже:

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қызметтерді ұлғайту;
- халықтың әртүрлі жіктерінің қажеттілігін туғызатын, мүдделері мен мүмкіндіктеріне жауап беретін, оларда бар кәсіпкерлік әлеуетті және бастаманы іске асыруға ниет қойған "Қаржылық супермаркет" қағидаты бойынша қор қызметін қалыптастыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

- қор көрсететін қаржылық қызметтерінің спектрін кеңейту;
- шағын кәсіпкерлік субъектісінің кредит беру көлемін ұлғайту 50 млр. теңгеге дейін;
- қордың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларының құнынан 50-80%-ке 5 млрд теңгеге дейін сомаға кепілдіктер беруі жеке инвесторлардың 24 млрд. теңгеге дейін сома тартуға алып келеді;
- микроқаржылық ұйымдар құру және қолдау арқылы республиканың қаржылық жүйесінің үшінші деңгейін дамыту;
- шағын бизнес үшін кредиттердің құнын арзандатуға алып келетін банктер мен басқа инвесторлардың тәуекелдерін төмендету;

Уақтылығы:

- "ШКДҚ" АҚ-ның қатысуымен микрокредиттік ұйымдар құру және оларды ресурстық қолдау (40 МКО), қолданыстағы микрокредиттік ұйымды кредиттеу (кемінде 60 МКО);

- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын ұлғайту, шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтін адамдардың санын ұлғайту - 35000 кәсіпкерлерден жоғары;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі қорларын жаңарту және жаңғырту, шағын бизнес кәсіпорындарын капиталдандыруды ұлғайту - 300 кәсіпорыннан кем емес;

- ІЖӨ құрылымындағы шағын кәсіпкерліктің өнімдерінің үлесін ұлғайту.
Сапасы:
- шағын бизнесті қолдаудың мемлекеттік саясатын іске асырушы қаржылық институт ретінде "Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры" АҚ-ның экономикалық ұстанымдарын күшейту;
- бизнес-қоғамдастықтың экономикалық ұстанымдарын нығайту;
- сервистік-технологиялық бағыттағы сөрелік өндірістік бизнесті дамыту үшін қаржылық жағдайлар жасау;
шағын бизнес кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту, кеңейту және қайта жаңалау (капиталдандыру);
- шағын бизнес кәсіпорындары шығаратын тауарлар мен қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттігін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
347-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Приозерск қаласының инфрақұрылымын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 100000 мың теңге (бір жүз миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Парламентінің "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы (екінші оқылым) 2005 жылғы 9 қарашадағы N 23-III ҚРП қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Приозерск қаласының халқы үшін өміршеңдік жағдайын қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : сумен жабдықтау, су қайтарғыш, жылумен қамтамасыз ету желілерінің жұмыс істеуін және санитарлық жағдайын қамтамасыз ету, Приозерск қаласының мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Приозерск қаласының инфрақұ-рылымын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы рансферт-тер | Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Приозерск қаласының инфрақұрылымын қол-дауға нысаналы трансферттер беру. Сумен жабдықтау инже-нерлік желісін жөн-деу, құбырларды, бекіту арматурасын ауыстыру, жылу оқшау-лағышты демонтаждау және монтаждау. Сумен жабдықтау, су қайтар-ғыш және жылумен қам-тамасыз ету желілері-нің жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Мемлекеттік тұрғын үй қорын жөндеуді қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сау-да минис-трлігі, Қарағанды облысының атқарушы органдары |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- 2,8 км. жылумен қамтамасыз ету желісін жөндеу;
- 2,5 км. сумен жабдықтау желісін жөндеу;
- 2,8 км. кәріз желісін жөндеу;
- 1 бірлік бас тоғанды жөндеу;
- тұрғын үйлерді жөндеу, оның ішінде:
- 37 кіреберістерді жөндеу;
- 910 шаршы метр шатырды жөндеу;
- 320 шаршы метр маңдай алдын жөндеу;
- жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау және кәріздің үй ішіндегі 2 желісін жөндеу.

Түпкілікті нәтиже:

- тұрғын үй-коммуналдық және коммуналдық шаруашылықтың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

- жылумен қамтамасыз ету желісінің 1 м. жөндеуге арналған шығын - 13958,2 теңге;
- сумен жабдықтау желісінің 1 км. жөндеуге арналған шығын - 6597,2 теңге;
- бас тоғанды жөндеуге арналған - 6507 мың теңге;
- тұрғын үйлерді жөндеуге арналған шығындар, оның ішінде:

- 1 кіреберісті жөндеуге -180963 теңге;
- 1 шаршы метр шатырды жөндеуге - 7358,24 теңге;
- 1 шаршы метр маңдай алдын жөндеуге - 30003,12 теңге;
- жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау және кәріздің үй ішіндегі 1 желісін жөндеуге - 9070 теңге.

Уақтылығы:

- жөндеу жұмыстарының бекітілген кестелеріне сәйкес сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз ету желілерін ағымдағы жөндеуді, мемлекеттік тұрғын үй қорын жөндеуді орындау.

Сапасы:

- МС-та бекітілгенге сәйкес келетін халықты ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету;
- су қайтаруды толық қамтамасыз ету;
- жылу энергиясын үздіксіз тасымалдау;
- мемлекеттік тұрғын үй қорының нормативтік жағдайын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
348-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру"
деген 041 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 348-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
349-ҚОСЫМША

**233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде әкімшілік функцияларға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"

деген 111 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 84029 мың теңге (сексен төрт миллион жиырма тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : жоқ.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті органдардың қызметін, оларға жүктелген функцияларын барынша нәтижелі орындауына қол жеткізу үшін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жергілікті органдардың аппараттарын ұстау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 111 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде әкімшілік функцияларға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Жергілікті органдардың аппараттарын ұстау үшін саны 112 бірліктегі бекітілген штаттық санының лимитіндегінде мемлекеттік басқару деңгейлер арасында өкілеттіктерін ара жігін бөлу шеберінде берілетін әкімшілік функцияларға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне мақсатты трансферттер. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : жергілікті органдардың аппараттарына жүктелген функциялар мен міндеттерін сапалы және уақытылы орындау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК